

"Мемлекеттік ғылыми ұйымдардың ғылыми және инженерлік-техникалық қызметкерлерін аттестаттау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 911 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 311 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 30 мамырда тіркелді. Тіркеу N 3653. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 5 сәуірдегі № 125 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 05.04.2013 № 125 бұйрығымен.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Мемлекеттік ғылыми ұйымдардың ғылыми және инженерлік-техникалық қызметкерлерін аттестаттау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 911 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2171 тіркелген, "Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілер бюллетені", 2003 ж., N 23-24) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік ғылыми ұйымдардың ғылыми және инженерлік-техникалық қызметкерлерін аттестаттау ережесінде:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Аттестаттау комиссиясының құрамына аттестаттау жүргізілетін ғылыми ұйымдардың басшылары, кадр және заң қызметінің өкілдері, басқа да ғылыми ұйымдардың және ғылыми қызметкерлер кәсіподағының өкілдері енеді. Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің арасынан комиссия төрағасы және хатшысы сайланады.";

12-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Осыған байланысты аттестаттау көрсетілген мерзімнің басталу күнінен бастап алты ай мерзімнен кешіктірілмей жүргізіледі.";

22-тармақ мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Өзіндік пікірі бар аттестаттау комиссиясының мүшелері комиссия шешімімен келіспеген жағдайда оны жазбаша түрде аттестаттау парағына қосып

б е р у і

м ү м к і н .

Аттестатталушының аттестаттауға келмеген жағдайында бір айдан кейін қайтадан аттестаттау тағайындалады. Қызметкер қайтадан дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда оны аттестаттаудан өтпеген деп есептейді.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Қызметкерлердің аттестаттау қорытындыларын бақылау тәртібінде ұйымның ғылыми (ғылыми-техникалық) кеңесінің отырыстарында қарастырылады".

2. Ғылым департаменті (В.В.Могильный) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр А.Қ.Әбдімомыновқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр